

жау-жалпы



сала-шаға




# ҚОС СӨЗДЕРДІҢ

# ҚҰПИЯСЫ

Орындаған: Болат Амина



ығыс-аяқ



кшм-кешек



## ЕСКЕ ТҮСІРЕЙІК!

**Қос сөздер** – екі сөздің қосарлануынан не бір сөздің қайталануынан жасалған сөздер.

**Қайталама қос сөздер**  
бір сөздің қайталануынан жасалады.

**Қосарлама қос сөздің**  
екі сыңары екі түрлі сөзден болады.

үлкен-үлкен, үйдей-үйдей, шай-пай, тарс-тұрс, қып-қызыл

күні-түні, ұзынды-қысқалы, күш-қуат, әке-шеше

*\*Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы.  
Алматы, 2001ж.*



*«Неліктен қазақтар “ата-ана” дейді, ал “ана-ата” демейді?»*

**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӘР ҚОС СӨЗІНДЕ  
ТЕРЕҢ МӘН, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ БАР.**

# АЗЫҚ-ТҮЛІК

«Түлік» сөзі кейде «төрт түлік» сияқты тіркесте кездескенімен, тек мал туралы әңгіме болғанда ғана қолданылады.

«Түлік» сөзі **қырғыз, сағай** сияқты түркі тілдерінде жеке-дара қолданылып, біздегідей – ішім-жем, тамақ мағынасын меншіктеніп, «азық» сөзінің орнына жүреді.

«Азық-түлік» дегеніміз бір мағынаның қайталануы, түркі тілдерінде түрліше дыбысталуы.

# БАЛА-ШАҒА

Қазақ тілінде жеке тұрып айтылмаса да, басқа түркі тілдерінде «шаға» сөзінің жеке мәні мен мағынасы бар.

**Түрікмен** тілінде – «чага», **түрікше** «чаға» сөздері біздің тіліміздегі «бала» мағынасының орнына жұмсалады.

«Бала-шаға» қос сөзі – «бала-бала» дегенді білдіреді.

*\*Ә. Нұрмағамбетов. Қос сөздердің құпиясы. Алматы: Жалын, 1991.*

## ЖАУЫН-ШАШЫН

«Шашын» сөзі қазақтарда қос-сөз құрамында ғана кездескенімен *тува* сияқты түркі тілінде: «чаашкын» – «жаңбыр» мағынасында айтылуымен қатар, кейінгі «чааскын» тіркесі қар, жаңбыр, шық, ылғал сияқтылардың бәрінде қолданылады.

\*Ә. Нұрмағамбетов. Қос сөздердің құпиясы. Алматы: Жалын, 1991.

## КИІМ-КЕШЕК

Біздің тілімізде «кешек» сөзі ешқашан жеке қолданылған емес.

**Қырғыз** тілінің оңтүстік диалектісінде «көйнөк» (бізше – көйлек), орнына «көйчөк» сөзі қолданылады.

Мұнда «й» дыбысы түсіріліп «көчөк» болып, одан әрі «кешек» қалпына жеткен.

«Киім-кешек» қос сөзі «киім-көйлек» дегенге жақындай түседі.

# ҚУҒЫН-СҮРГІН

Ертедегі түркі тілдері жазба ескерткіштерінде «сүр» сөзі қуу, қудалау ұғымын берген және **әзірбайжан, түрік, татар, қырғыз, тува, хакас** тілдерінде «сүр» немесе «сүргін» біздің түсінігіміздегі «қуу, айдау, жер аудару» деген мағынаны білдіреді.

# СЫЙ-СИЯПАТ

**Әзірбайжан** тілінде: зияфат – қонақ ету, сыйлау, **өзбекше**: зиефат – салтанатты түрде қонақ ету, қабылдау мағыналарын білдіреді. Бұл сөздер парсы тілінен ауысып келген.

«Сый-сияпат» қос сөзі «сый-құрмет», «сый-сыйлау» ұғымын білдіреді.

\*Ә. Нұрмағамбетов. Қос сөздердің құпиясы. Алматы: Жалын, 1991.



Қос сөздер арқылы халқымыздың ойлау жүйесі, сөзге деген талғамы мен әуезге мән беру мәдениеті көрінеді. Демек, қос сөздер — тек грамматикалық құбылыс емес, қазақ тілінің рухани байлығы мен мәдени жадының көрінісі.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА**  
**РАҚМЕТ!**